ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# «Құжаттарды талдау әдісі» (Контент-талдау)

**Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы**
**Арын Д.А.**

# ДӘРІСТІҢ МАЗМҰНЫ

1. ҚҰЖАТ ТҮСІНІГІ, ҚҰЖАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ, ҚҰЖАТТАРДЫ МАЗМҰНЫНА ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУ
2. ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛДАУ (КОНТЕНТ-ТАЛДАУ) ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ, ҚЫСҚАША ТАРИХЫ, ТҮРЛЕРІ
3. КОНТЕНТ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМАЛАР

# ҚҰЖАТ ТҮСІНІГІ, ҚҰЖАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ, ҚҰЖАТТАРДЫ МАЗМҰНЫНА ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУ

- Әлеуметтік зерттеулерге қажетті ақпаратты түрлі құжаттардан алуға болады.
- Әлеуметтануда құжаттарды зерттеуге бағытталған қызмет түрі *қолда бар мәліметтерге талдау жасау* деп аталады.
- Құжаттар – әлеуметтік зерттеулерде *екінші реттік әлеуметтік ақпарат алу көзіне* жатады.
- Құжаттық деректерді зерттеп, талдай келе бір жағдайда қосымша ақпарат алуға, екінші бір жағдайда зерттеліп отырған проблеманы тереңдете түсуге мүмкіндік туады.

# ҚҰЖАТ ТҮСІНІГІ, ҚҰЖАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ, ҚҰЖАТТАРДЫ МАЗМҰНЫНА ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУ

- *Құжаттар* (*documentum*- латын тілінде *дәлелдеу) деп, адам баласының ойлау қызметі мен объективтік шынайылықта орын алатын фактілер, оқиғалар мен құбылыстар жайындағы ақпаратты түрлі әдістердің көмегімен арнайы материалға түсірудің құралын айтамыз*

# ҚҰЖАТ ТҮСІНІГІ, ҚҰЖАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ, ҚҰЖАТТАРДЫ МАЗМҰНЫНА ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУ

- *жазба, яғни қағазға немесе компьютердің көмегімен оқылатын электрондық тарату құралдарына жазылған құжаттар:* мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың архивтеріндегі құжаттар; әдебиет (кітаптар, брошюралар); баспасөз (газеттер, журналдар); жеке құжаттар (хаттар, күнделіктер);
- *иконографиялық құжаттар:* аудио, бейне, кино және фотоқұжаттар, картиналар, гравюралар;
- *фонетикалық:* лазерлік дискілер, магниттік жазбалар, грамофон күйтабақтары;
- Интернет жүйесі

## Құжаттарды мазмұнына қарай былай топтастыруға болады:

- **Мемлекеттік және ведомстволық статистиканың түрлі мәліметтері:** халық санағы мен халықты ағымдық есепке алудың (туған сәбилерді, некені, қайтыс болған адамдарды, қоныс аударғандарды тіркеу) мәліметтері;
- **Түрлі ұйымдар мен мекемелердің ағымдық іс жүргізуінің құжаттары;**
- **Әлеуметтік зерттеулер қорытындысының мәліметтері;**
- **БАҚ – социологиялық зерттеулер үшін дәстүрлі ақпарат көзі болып есептеледі:** *зерттеушілер* қоғам өмірінің түрлі салаларына байланысты зерттеу проблемасына қажетті мәліметтерді тауып, сол құжаттарға талдау жасайды

**КОНТЕНТ-ТАЛДАУ (АҒЫЛ.CONTENTS-МАЗМҰНЫ) – МӘТІННІҢ МАЗМҰНЫН ТАЛДАУ, ЯҒНИ АҚПАРАТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МАЗМҰНЫН САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ**



# ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛДАУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ




**Басқа әдістерге қосымша ретінде, (көбінесе бақылау мен сауалнамаға) алынған ақпараттарды тексеру мақсатында қолданылады**



**Көп шығынды қажет етпейді және қысқа мерзім ішінде ұжым туралы фактілік мәліметтерді алуға мүмкіндік береді**

# НӘТИЖЕНІҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ ҮШІН АҚПАРАТ КӨЗІНІҢ КӨП БОЛУЫ МАҢЫЗДЫ








# ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛДАУ ӘДІСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

## САНДЫҚ ТАЛДАУ

ҚАНША?

## САПАЛЫҚ ТАЛДАУ

НЕГЕ? ҚАЛАЙ? НЕ ҮШІН? НЕ МАҚСАТПЕН? ҚАНДАЙ ПИҒЫЛМЕН? АСТАРЫ ҚАНДАЙ?




**<u>Контент-талдаудың объектісі</u> – баспасөз, радио- және телебағдарламалардың, кинофильмдердің, бейнежазбалардың, жарнаманың, құжаттардың, мәжіліс хаттамаларының, мінберлерден айтылған сөздердің, салынған суреттердің, т.б. мазмұны**

# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

ЖҰМЫСТЫҢ АРЗАНДЫҒЫ

МӘЛІМЕТТЕР ТЕЗ ЖИНАЛАДЫ

АҚПАРАТ АЛУ КӨЗІНІҢ КӨПТІГІ

# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ӘДІСІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ








**алғаш рет XVIII ғасырда Швецияда қолданылды, мәтіннен «еретиктік» астар іздеді**

**АҚШ-та XX ғ. 30-жылдары журналистика саласында қолданыла бастады. Негізін қалаған журналистер Ж.Кайзер, Б.Берельсон, т.б.**

**1940 жылдары әлеуметтанушылар Г.Лассуэлл мен Н.Лейтес “Истинный американец” газетінің материалдарына контент-талдау жүргізіп, газеттің фашистік бағытта екенін дәлелдеді**

| Мақалалар, пікірлер | жақтайтын | Жоққа шығаратын |
|---|---|---|
| АҚШ мемлекеттік қызметкерлері жемқорлар | 301 | 34 |
| АҚШ-тың сыртқы саясаты имансыз | 41 | 0 |
| Президент Рузвельтті жамандайтын мақалалар | 150 | 17 |
| Германия әділетті мемлекет | 56 | 2 |
| Жапонияның саясаты жоғары моральды | 22 | 6 |
| Жапония – құдіретті, қуатты мемлекет | 30 | 2 |
| Германия құдіретті, қуатты мемлекет | 41 | 2 |
| АҚШ - әлсіз | 345 | 41 |
| АҚШ – коммунистердің бақылауында | 55 | 0 |
| АҚШ – еврейлердің бақылауында | 99 | 0 |
| АҚШ әкімшілігінде жансыздар көп | 45 | 0 |

# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ӘДІСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУ ТАРИХЫ







**М.Ричмонд «Әлеуметтік диагноздар» атты еңбегінде клиент туралы қандай ақпаратты жинау керектігін, оларды талдау әдістерін, сұхбат алудың әдістемесін көрсеткен**

**АҚШ әлеуметтанушылары У.Томас пен Ф.Знанецкий «Европа мен АҚШ-тағы поляк шаруасы» атты еңбегін құжаттарды талдау әдісін қолданып жазған. Поляк мигранттарының жеке құжаттарын, хаттарын, өмірбаянын қолданған**

# АҚШ ҒАЛЫМЫ АЛАН БРАЙМАН ҰСЫНҒАН КОНТЕНТ-ТАЛДАУ ӘДІСІНІҢ ЭТАПТАРЫ



# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМАЛАР

atlas.ti

Сандық талдау

WORDSTAT
Content Analysis and Text Mining

QDA MINER
Qualitative Data Analysis

SIMSTAT
Statistical Analysis and Bootstrapping

Сандық, сапалық

SPSS®

**Әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық пакет**

КОНТЕНТ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМАЛАР






# WordStat — экспресс контент-анализ






# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМАЛАР

Brand Analytics

МОНИТОРИНГ И АНАЛИЗ СОЦИАЛЬНЫХ МЕДИА И СМИ

AlemResearch

# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМАЛАР

**BRAND ANALYTICS**

- Қазіргі отандық зерттеу орталықтарының контент-талдау әдісінде қолданып жүрген бағдарламасы
- мысалы, Нұр Отан партиясы жанындағы «Саяси және әлеуметтік зерттеулер орталығы»
- Қазіргі таңда бұл орталық Президент, Нұр Отан, үкімет басшыларының имиджі, латындандыру саясаты, Жолдауларға контент талдау жасайды.

# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМАЛАР

**BRAND ANALYTICS** бағдарламасы – сайттағы, әлеуметтік желілердегі мақала, пост, комментарийлердің жариялану жиілігін, эмоциялық деңгейін (тональность) алгоритмдер арқылы шығарып береді. Белгілі-бір тақырыпқа жазылған мақала санының динамикасы, пигі, талқылануы, оның ішіндегі тв, әлеуметтік желідегі үлесін анықтайды.




День месяца

Всего упоминаний

RU СМИ на русском языке

KZ СМИ на казахском языке

Паводки - главный инфоповод уже вторую неделю. Далее идут отдельные персоны. Дим
Кудайберген уже 4 неделю продолжает держаться в нашем рейтинге. Также стоит отметить возвращение Баян Есентаевой и Бырганым Айтимовой в наш чарт.

# КОНТЕНТ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ КЕМШІЛІГІ

- МӘТІННІҢ ЭМОЦИЯСЫН (ТОНАЛЬНОСТЬ) (НЕЙТРАЛДЫ, СЫНИ, ЖАҒЫМДЫ) ДҰРЫС БЕРЕ АЛМАЙДЫ
- САРКАЗМ, МЫСҚЫЛДЫ АНЫҚТАЙ АЛМАЙДЫ